

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қытай Халық Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Үкіметіне беретін өтеусіз көмегін пайдаланудың шарттары туралы хаттар алмасу нысанындағы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 желтоқсандағы N 1345 қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қытай Халық Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Үкіметіне беретін өтеусіз көмегін пайдаланудың шарттары туралы хаттар алмасу нысанындағы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер вице-министрі Мұхтар Бескенұлы Тілеубердіге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қытай Халық Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Үкіметіне беретін өтеусіз көмегін пайдаланудың шарттары туралы хаттар алмасу нысанындағы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

Қытай Халық Республикасының
Қазақстан Республикасындағы
Төтенше және Өкілетті Елшісі

Чжоу Сяопэй мырзаға

Жоғары Мәртебелі,

Осымен Сіздің 2003 жылғы " " желтоқсандағы мынадай мазмұндағы хатыңызды алғанымды растауды өзіме мәртебе санаймын:

"Осымен Қытай Халық Республикасының Үкіметі атынан Тараптар достастық ниеттегі келіссөздер нәтижесінде төмендегілер туралы келіскендігін растауды өзіме мәртебе санаймын:

1. Қытай Халық Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының

Үкіметі арасында қол жеткізілген уағдаластықтар негізінде Қытай Халық Республикасының Үкіметі Астана қаласындағы Еуразия ұлттық университетінің оқу корпусарын дистанциялық оқуға қажетті құрал-жабдықтармен жабдықтауды өзіне алады (бұдан әрі қарай - жоба).

2. Қытай тарапы объектіні зерттеу мен жобалау, Астана қаласына жабдықтарды беру мен жеткізу мәселелерін өзіне алады, орнату мен техникалық оқыту жөніндегі жұмыстарды орындау үшін Қазақстан Республикасына қажетті мамандар жібереді. Бұл ретте оларға арналған шығыстар Қытай Халық Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы 2003 жылғы 3 маусымдағы алмасу хаттарында көзделген өтеусіз көмек есебінен жабылатын болады.

3. Қазақстан тарапы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жоғарыда аталған жобаны іске асыру үшін жеткізілген жабдықтар мен материалдарды (акцизделуге жататыннан басқа) салықтар мен кедендік төлемдерден босату жөнінде шаралар қабылдайды, сондай-ақ Астана қаласына жабдықтар жеткізілгеннен кейін жүкті кедендік тазалау, қабылдау және Қазақстан Республикасының аумағы бойынша тасымалдау жөніндегі нысандылықтарды өзінің есебінен орындайды.

4. Жоғарыда айтылған жобаны іске асыру туралы барлық нақты мәселелер екі ел үкіметтерінің әрқайсысы тағайындаған уәкілетті органдар арасында жасалатын жеке Ш а р т п е н р е т т е л е т і н б о л а д ы .

Егер Сіз жоғарыда айтылғандарды жауап хатпен растайтын болсаңыз, онда осы хатпен Сіздің жауап хатыңыз Қытай Халық Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қытай Халық Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Үкіметіне беретін өтеусіз көмегін пайдаланудың шарттары туралы келісім болып саналады, ол қол қойылған күнінен бастап күшіне е н е д і . "

Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан жоғарыда айтылғандардың мазмұнымен келісетінімді және осы жауап хатпен Сіздің хатыңыз Қытай Халық Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қытай Халық Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Үкіметіне беретін өтеусіз көмегін пайдаланудың шарттары туралы келісім болып саналатынын растауды өзіме мәртебе санаймын, ол қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, өзімнің Сізге деген терең құрмет сезімдерде екендігіме тағы да сендіремін.

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер вице-министрі

Мұхтар Тілеуберді

Астана қаласы, 2003 жылғы " " желтоқсан

Жоба

Қазақстан

Республикасының

Сыртқы

істер

вице-министрі

Мұхтар Тілеуберді мырзаға

Жоғары Мәртебелі,

Осымен Қытай Халық Республикасының Үкіметі атынан Тараптар достастық ниеттегі келіссөздер нәтижесінде төмендегілер туралы келіскендігін растауды өзіме мәртебе с а н а й м ы н :

1. Қытай Халық Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында қол жеткізілген уағдаластықтар негізінде Қытай Халық Республикасының Үкіметі Астана қаласындағы Еуразия ұлттық университетінің оқу корпустарын дистанциялық оқуға қажетті құрал-жабдықтармен жабдықтауды өзіне алады (бұдан әрі қарай - ж о б а).

2. Қытай тарапы объектіні зерттеу мен жобалау, Астана қаласына жабдықтарды беру мен жеткізу мәселелерін өзіне алады, орнату мен техникалық оқыту жөніндегі жұмыстарды орындау үшін Қазақстан Республикасына қажетті мамандар жібереді. Бұл ретте оларға арналған шығыстар Қытай Халық Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы 2003 жылғы 3 маусымдағы алмасу хаттарында көзделген өтеусіз көмек есебінен жабылатын болады.

3. Қазақстан тарапы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жоғарыда аталған жобаны іске асыру үшін жеткізілген жабдықтар мен материалдарды (акцизделуге жататыннан басқа) салықтар мен кедендік төлемдерді босату жөнінде шаралар қабылдайды, сондай-ақ Астана қаласына жабдықтар жеткізілгеннен кейін жүкті кедендік тазалау, қабылдау және Қазақстан Республикасының аумағы бойынша тасымалдау жөніндегі нысандылықтарды өзінің есебінен орындайды.

4. Жоғарыда айтылған жобаны іске асыру туралы барлық нақты мәселелер екі ел үкіметтерінің әрқайсысы тағайындаған уәкілетті органдар арасында жасалатын жеке Ш а р т п е н р е т т е л е т і н б о л а д ы .

Егер Сіз жоғарыда айтылғандарды жауап хатпен растайтын болсаңыз, онда осы хатпен Сіздің жауап хатыңыз Қытай Халық Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қытай Халық Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Үкіметіне беретін өтеусіз көмегін пайдаланудың шарттары туралы келісім болып саналады, ол қол қойылған күнінен бастап күшіне е н е д і .

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, өзімнің Сізге деген терең құрмет сезімдерде екендігіме тағы да сендіремін.

Қытай Халық Республикасының
Қазақстан Республикасындағы
Төтенше және Өкілетті Елшісі

Чжоу Сяопэй

Астана қаласы, 2003 жылғы " " желтоқсан

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК